

## **Көпбай Тәжіғалиев Ұлы Отан соғысының ардагері**

1926 жылы Байғанин ауданы №6 ауыл (қазіргі Қарабұлақ ауылы) 7 кластық Жарқамыс орта мектебін аяқтап, Қарабұлақ колхозындағы ұста әкесіне жәрдемші болған. Соғыс зардабын терең түйсінген бозбала әкесінің қасында жүріп темір ұсталықпен айналысады. Жұмыс күші жетіспейтін сол шақта бірде егіс басында болса, шөп шабу, кейде мал бағу жұмыстарына да аралаып жүреді.

Кәмелет жасына жеткенде тыл даласынан майдан даласына аттанады. Темірде орналасқан военкаматка жаяу барып 1944 жылдың қараша айында Кеңес әскері қатарына алынады. Чкалов қаласы маңындағы 13 дивизия 92 полкте атқыштар дайындайтын құрамада әскери дайындықтан өтті. 1945 жылдың наурыз айында полкті соғыстың алдыңғы шебіне жақындату мақсатында эшолонмен Саратов, Харьков қалалары арқылы Бессаравия орталығы Ясса қаласына апарды. Жолда Албания жерімен, Чехославакия үстімен аялдама жасай отырып сол жылдың сәуір айының аяғына қарай шекарадан өтіп Австрия астанасы Вена қаласынан Нэойвзлер атты соғыс қалашығына жеткен. 1945 жылдың қазан айынан 1946 жылдың сәуір айына дейін Вена қаласында комендатура болса, сәуір айынан бастап Венгрия жеріндегі Балатон көлі маңында әскери борышан өтеген. Соғыс майданынан тазартылған жерлерде тыныштық сақтау үшін 234-ші атқыштар дивизиясының құрамында тәртіп орнату жұмыстарында болған. 1946 жылдың қазан айынан бастап Қызыл Тулы Балтық теңізі флотының карауындағы Польшаның Свинемюнде (Свиноуце) қаласында орналасқан Кеңес Одағының Солтүстік шекара күзетінде болған. Әскери теңіз флотында аға матрос, ауыр артеллирист болып әскери парызын атқарып 1950 жылы елге оралған. Елге келген соң Ақтөбе қаласында бухгалтерлік мамандық бойынша оқып, ауданда қызмет жасады.

Көпбай Тәжіғалиевке «тыл ардагері» ретінде осы уақытқа дейін 12.12.2006жылғы № 317 облыстық маслихаттың «Жеңілдіктер беру туралы» шешімін негізге ала отырып жеңілдіктер қарастырылған еді. 12.02.2014 жылы Ұлы Отан соғысына қатысушы ретінде қайта қаралды 12.02.2014 жылы № 110 аудандық маслихат шешімімен 9 мамыр күніне орай «ҰОС қатысушылары теңестірілген адамдардың басқа да санаттары» қатарына қосылды.

Байғанин аудандық музей қорынан алынған материал.



1946 жыл  
Вена қаласы, Австрия

